# 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналардың:

300, 301, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 308-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 300-қосымша

234 - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1042470 мың теңге (бір миллиард қырық екі миллион төрт жүз жетпіс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексі ; Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі ; "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы ; "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" 1998

жылғы 26 маусымдағы Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы " Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы; "Мемлекеттік су кадастрын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 24 қаңтардағы N 75 қаулысы ; "Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 қыркүйектегі N 1449 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қарашадағы N 1173 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды ұстап тұру; ақпараттық жүйелер мен дербес міндеттерді сүйемелдеу; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру; Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің материалдық-техникалық базасын жарақтандыру және күшейту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | Қоршаған ортаны қор. ғау саласын. дағы уәкі. летті орган. ның қызметін қамтамасыз ету | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | 107 бірлік санындағы бекітілген штат санының лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің орталық аппаратын ұстап тұру. 6 бірлік санындағы бекітілген лимитті ескере отырып, қызметтік және арнайы автокөліктерді ұстап тұру, жалға алу; 81 жұмыс станциялары мен 59 принтерді ұстап тұру және қызмет көрсету. "Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары" ақпараттық жүйесін және 2 дербес міндеттерді сүйемелдеу және техникалық қолдау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | 805 бірлік санындағы бекітілген штаттық сан лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдарын ұстап тұру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Біліктілікті арттырудың бекітілген жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алу. Біліктілігін арттыру және мемлекеттік тілді оқыту курстарынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны 200 қызметкерден астам. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 5 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттары мен үй-жайларын күрделі жөндеу | Қоршаған ортаны қорғаудың екі аумақтық басқармаларында (қоршаған ортаны қорғаудың Астана қалалық аумақтық басқармасы және қоршаған ортаны қорғаудың Қызылорда облыстық аумақтық басқармасы) ғимараттар мен үйлерді күрделі жөндеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 6 | 009 | Мемлекеттік органдары материалдық-техникалық жарақтандыру | Қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық басқармалары үшін мұнай өнімдерінің сапасын бақылаудың 7 ұтқыр (жылжымалы) лабораториясын; 181 бірлік санында. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |

ғы лабораториялық жабдықты; анализдер. ді жүргізу үшін химыдыстар мен химреактивтерді; екі тілдегі ілеспе аудармамен залды дыбыстау жүйесімен 1 кешен жабдығын; 116 темір шкафтар. ды сатып алу. Құны 40 еселік айлық көрсеткіштен аспайтын өзге де тауарлық-материал. дық құндылықтарды сатып алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен оның аумақтық органдарына жүктелген функцияларды сапалы және уақытылы орындау; қазіргі заманғы экономикалық жағдайлардағы кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына жауап беретін мемлекеттік қызметшілерді сапалы оқытудың жүйесін қалыптастыру және дамыту жолымен мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру; материалдық-техникалық базаны жарақтандыру және күшейту Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігін орталық аппаратына және оның аумақтық органдарына жүктелген міндеттерді тиімді орындауға жәрдемдеседі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 301-қосымша

234 - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**

**"Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу"**

**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10000 мың теңге (он миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Экологиялық сараптама туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 18 наурыздағы Заңы ; "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңының 11-тарауы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы; "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қарашадағы N 1173 қаулысы ; "Табиғат қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптау саласындағы жұмыстар жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қазандағы N 1039 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға жоспарланатын басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметті іске асырудың ықтимал теріс салдарларының алдын алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға жоспарланатын басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметтің әсеріне жан-жақты талдау мен бағалау жүргізу; Қазақстан Республикасының заңдарындағы, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттардағы, нормалар мен ережелердегі экологиялық талаптардың сараптық құжаттамасындағы сақталуын тексеру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Мемлекеттік экологиялық | Мемлекеттік орган. дар бастамашылық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. |

| | | |
|---|---|---|
| сараптама жүргізу | жасайтын 95 жоба. ның мемлекеттік экологиялық | ның Қоршаған ортаны қорғау министрлігі сараптамасын жүргізу; экологиялық сараптаманың қоры. тындыларын әзірлеу. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік органдар бастамашылық жасайтын 95 жоба бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
302-қосымша

234 - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер"**
**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 171175 мың теңге (бір жүз жетпіс бір миллион бір жүз жетпіс бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы, 15-тарау ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы 1 , 3 , 6 , 18, 26-баптар ; "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 наурыздағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы; "Мұнай операцияларына байланысты су асты құбырлары мен кабельдерін орнату мен пайдалану кезінде қауіпсіздік пен қоршаған табиғи ортаны қорғау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 маусымдағы N 732 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мұнай және газ кен орындарын игерудің бірыңғай ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 745 қаулысы ; Қазақстан Республикасының теңізде және ішкі су

қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 105 қаулысы; " Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қаңтардағы N 1173 қаулысы ; "2003 -2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік-инновациялық дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712-1 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ғылыми негіздерді әзірлеу және жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту жөніндегі нұсқамалар мен ұсыныстарды әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Қоршаған ортаны қор. ғау саласын. дағы ғылыми зерттеулер | Парник газдары. ның шығарындыларын сандық бағалау, парник газдарының эмиссиялары сценарийлерін әзір. леу, парник газда. рының эмиссияларын азайту жөніндегі Қазақстанның ұлттық стратегиясын әзір. леу, парник газдар. дың шығарындыларына квоталарды лицен. зиялаудың ұлттық | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |

жүйесін құру үшін жағдай жасау, парник газдарының эмиссиялары/ағын. дары жөніндегі мониторинг және есеп беру жүйесін орнату, парник газдарының шығарын. дыларына квоталарды лицензиялаудың ұлттық жүйесін құру үшін жағдай жасау, парник газдарының эмиссиялары/ағыны бойынша мониторинг және есептілік жүйесін орнату. Аймақтық климаттың қазіргі заманғы өзгеруін, экономиканың экологиялық жүйе. лерінің және климатқа тәуелді салалардың климат. тың өзгеруіне бейімділігінің осалдығы мен мүмкіндіктерін бағалау, атмосфера. дағы көмір қышқыл газының концентра. циясы ұлғайған кезде аймақтық климаттың өзгерүі. нің сценарийлерін әзірлеу. Жердің озон

қабатына физикалық және химиялық процестердің әсе. рін, сондай-ақ озон қабатының жай-күйі. нің өзгеруін, әсіресе, ультракүл. гін, күн сәулесінің адам денсаулығына және басқа да тірі организмдерге, климатқа, адам пайдаланатын табиғи және жасанды материалдарға өзгеруін бағалау. Ластаушы заттарды үлкен қашықтықтарға көшіру және олардың шашылуын бағалау жөніндегі ғылыми зерттеулер, атмосфераның ластану процестерін модель. деудің мүмкін болатын салдарларын анықтау және оның сапасын айқындау, ластанумен күрестің экономикалық тиімді. лігін арттыру жөніндегі нұсқама. ларды әзірлеу. Қазақстандағы озон бұзатын заттар. ды (ОБЗ) тұтынуды бағалау мен болжауға әдістемелік тәсіл. дерді жетілдіру;

ОБЗ импорты мен мониторингі жүйесін әзірлеу, сондай-ақ ОБЗ тұтыну процесі. нің қысқаруын басқару; ОБЗ тұтыну өсуінің себебін анықтау; Қазақстан. дағы ОБЗ ұлттық кадастрын әзірлеу. Қазақстандағы экологиялық жағдайды бағалау жөніндегі ғылыми зерттеулер, табиғи ресурстарды пайдаланудың дең. гейі, қоршаған ортаға шаруашылық қызметінің әсері және оған теріс әсер етуді азайту үшін қабылданатын шаралар мен басқа. лары. Экожүйенің негізгі компоненттеріндегі: топырақтағы, өсім. діктердегі, жануар. лардағы, сондай-ақ антропогендік процестің деңгейін ескере отырып, топырақтың минерал. дық бөлігінің (Гибсон бойынша энтропия және энергия) әртүрлі техногендік жүкте. месі және термоди.

намикалық сипатта. масымен топырақ құрау процестеріне энергия шығысындағы әртүрліліктің жинақталған энергиясын айқындау жөніндегі ғылыми жұмыстар. Физикалық және экономикалық геогра. фия, геофорфология, гидрология және экология саласындағы ғылыми зерттеулер негізінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың міндет. теріне негізделген шешуге, қоршаған ортаны қорғауға, өндірістік күштерді дамытуға, республи. кадағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылысқа арналған Қазақстан. ның кешенді ғылыми-анықтамалық эколо. гиялық атласы әзірленуде. Каспий теңізі деңгейінің салдары. нан туындайтын процестерді ескере отырып, Каспий маңының солтүстік-шығыс бөлігінің қазіргі заманғы

экологиялық жағ.
дайын зерттеу және
бағалау.
Қазіргі заманғы
экологиялық және
саяси жағдайлардағы
Іле-Балқаш аймағы.
ның жер асты
суларының ресурста.
рын пайдаланудың
перспективаларын
бағалау.
Техногендік
қалдықтарды және
Қазақстан Республи.
касындағы оларды
кәдеге асырудың
жолдарын ғылыми-
техникалық бағалау.
Қоршаған орта
мен халықтың
денсаулығына
"Байқоңыр" кешені.
нің зымыран-ғарыш
қызметінің әсерін
бағалау.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасындағы парник газдарының антропогендік шығарындыларының/ағындарының деңгейін бағалаудың нәтижелері туралы есеп, жыл сайынғы негізде парник газдарының шығарындыларын/ағындары мониторингінің ұлттық жүйесін құру үшін нұсқамалар беру;

атмосферадағы көмір қышқыл газы концентрациясының ұлғаюы кезінде аймақтық климаттың қазіргі заманғы өзгеруін бағалау, экономиканың экологиялық жүйелерін және климатқа тәуелді салаларының климаттың өзгеруіне бейімделуінің осалдығы мен мүмкіндіктерін бағалау;

Қазақстанның үстіндегі озон қабатының жай-күйі туралы ақпарат беру;

атмосфера процестерін және сапасын модельдеу;

ОБЗ импортының мониторингін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу,

сондай-ақ ұлттық деңгейде ОБЗ тұтынуды қысқарту, осы бағыттағы стратегияны әзірлеу;
табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;
экологиялық жүйелердің жай-күйіне антропогендік факторлардың әсер етуін бағалау туралы есеп;
Қазақстан Республикасының жаңарған экологиялық Атласын жасау;
қолда бар материалдармен ғылыми есепті, табиғи және техногендік процестердің катологын, 1-50000 масштабындағы геоэкологиялық картаны беру;
Іле-Балқаш бассейнінің жер асты суларының ресурстарын пайдалану перспективаларын бағалау нәтижелері бойынша ғылыми, стратегиялық және жедел шешімдерді әзірлеу;
мемлекеттік басқару органдарына техногендік қалдықтардың сандық және сапалық сипаттамалары бойынша "Байқоңыр" космодромының зымыран-ғарыш қызметінің әсеріне ұшыраған аумақтың ластануын зерттеу жөніндегі есеп.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
303-қосымша

234 - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қоршаған ортаны қорғау объектілерін салу және қайта жаңарту"**
**деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 618000 мың теңге (алты жүз он сегіз миллион теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі ; "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы; "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қарашадағы N 1173 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық

дамудың индикативтік жоспары; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы " Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қоршаған ортаның жай-күйін, халық денсаулығын жақсарту және табиғи ортаға ұлғаймалы теріс антропогендік әсер етуді азайту; табиғи ресурстарды қалпына келтіру, сақтау және тиімді пайдалану.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: тазарту құрылғысының кешендерін және ағынды сулардың биологиялық тазарту станциясын қайта жөндеу және салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Қоршаған ортаны қорғау объектілерін салу және қайта жаңарту | Мынадай іс-шара. ларға "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқ. сандағы N 1260 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес сома шегінде инвестициялық жобаларды іске асыру: | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |

1. Ақтөбе қала. сының Елек өзе. ніндегі тазарту құрылғыларының кешенін қайта жөндеудің жоба. лау-сметалық құжаттамасының мемлекеттік сараптамасын әзірлеу және жүргізу. Бекітіл. ген жобалау-сме. талық құжаттама. сына сәйкес құры. лыс жұмыстарының бірінші кезеңін жүргізу (керегe тор ғимаратын, құмұстағышты, құм алаңын салу, 3 керегe торды, "механикалық ескектерді", гидроэлеваторлар. ды, пульпосымдарды жабдықтау және монтаждау).

2. "Шучье-Бурабай курорт аймағының ағынды сулары биологиялық тазартудың тазарту құрылғыларының кешенін салу" жобасының жобалау-сметалық құжатта. масының мемлекет.

тік сараптамасын әзірлеу және жүргізу.
3. Белгіленген тәртіппен бекі. тілген жобалау-сметалық құжат. тамаға сәйкес ("Қызылорда қала. сындағы ағынды сулардың биоло. гиялық тазарту станциясын" салу жобасын бекіту туралы" Экономика және сауда министрлігі Құрылыс ісі жөніндегі коми. теттің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 156 бұйрығы) Қызылорда қала. сындағы ағынды сулардың биология. лық тазарту станциясын салу: қосалқы өндіріс. тік және қызмет көрсету мақсатын. дағы объектілер, теплофикация ғимараты, суды төмендету негізгі өндірістік мақсат. тағы объектілер, энергетика шаруа. шылығы, уақытша үймереттер мен

ғимараттар.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: "Ақтөбе қаласындағы Елек өзенінің тазарту құрылғыларының кешенін қайта жөндеу" және "Шучье-Бурабай курорт аймағының ағынды суларын биологиялық тазартудың тазарту құрылғыларының кешенін салу" жобалары бойынша мемлекеттік сараптамадан өткен және заңнамамен белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама; Ақтөбе қаласындағы Елек өзенінің тазарту құрылғылары кешенін салудың бірінші кезеңі бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін орындау; Қызылорда қаласындағы ағынды сулардың биологиялық тазарту станциясын салу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау (сметалық құнның жалпы көлемін 60%).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
304-қосымша

Ескерту. 304-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197K қаулысымен .

234 - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қоршаған ортаны қорғау объектілерін қалпына келтіру"**
**деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 62196 мың теңге (алпыс екі миллион бір жүз тоқсан алты мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасына қуаң жерлерді қалпына келтіру жобасын дайындауға арнап Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің гранты беру туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 шілдедегі N 987 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары туралы" "Жаһандық экологиялық қордың Атқарушы агенттігі ретінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің арасындағы Сенімгерлік қорының (Қуаң жерлерді басқару жөніндегі жоба) Гранттық келісімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 1199 қаулысы , "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы"

Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: астық өсіру үшін қиын жағдайлардағы аумақтарда табиғи ресурстарды сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: құрғақ жағдайлардағы жер пайдаланудың тұрақты жүйелерін енгізу; ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден фермерлердің табыс алуына жәрдемдесетін іс-шараларды жүзеге асыру; "Көмірсутегі квоталарымен" халықаралық саудадағы Қазақстан Республикасының мүмкін болатын қатысуын айқындау үшін көміртегін жұтып қоюдың деңгейін бағалау; Қазақстан мен Орта Азияның басқа өңірлеріне жоба нәтижелерінің репликация стратегиясын әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет саны N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Қоршаған ортаны қорғау объектілерін қалпына келтіру | | | |
| 2 | | 006 | Ішкі көздердің есебінен грантты іске асыру | а) жергілікті консультанттардың қызмет көрсетуін төлеу; б) іссапар шығыстары; в) автокөлікті ұстап тұру; г) операциялық шығыстар; д) материалдар мен қосалқы бөлшектерді | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |

сатып алу;
е) төбесін қайта жөндеу;
ж) расходы по мониторингу погла. щения углекислого газа;
з) оплата налога на добавленную стоимость и таможенных пошлин;
и) құны АЕК-тің 40 есе мөлшерінен аспайтын тауарлар сатып алу. <*>

---

РҚАО-ның ескертуі. ж), з) тармақшаларының қазақша аудармасы жоқ.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 3500 га тыңайған жерлерді, 5 мың гектар тозған жайылымды қалпына келтіру; көшет-бұталар өсіруге арналған тәлімбақтардың негізін қалау; көшет-бұталар отырғызу бойынша жұмысты жүргізу; 2 жел агрегаттарын орнату; 3 елді мекендегі сүт жинау жөніндегі орталықтарды ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 305-қосымша

234 - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Гидрометеорологиялық мониторинг жүргізу"**
**деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1032627 мың теңге (бір миллиард отыз екі миллион алты жүз жиырма жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі 1, 5, 7, 8, 10, 15, 23-

баптар ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы; "Бүкілдүниежүзілік метеорология ұйымы конвенциясына қосылу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1993 жылғы 13 сәуірдегі N 296 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 қаңтардағы N 38 қаулысы ; "Сумен оны пайдаланудың мемлекеттік есеп тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 15 ақпандағы N 160 қаулысы ; "Қазгидромет" және "Қазавиамет" мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 185 қаулысы ; "Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру мен жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 885 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қаңтардағы N 1173 қаулысы ; Гидрометеорология саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісім (Мәскеу қаласы, 1992 жылғы 8 ақпан); ТМД мемлекетаралық гидрометеорологиялық желісі туралы келісім, Мәскеу, 2001 жылғы 16 наурыз.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи ортаның жай-күйіне жүйелік бақылауларды жүргізу, республиканың экономика салаларына және халыққа гидрометеорологиялық қызмет көрсетуді жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: бақылауларды жүргізу, гидрометеорологиялық деректерді жинау, талдау және қорытындылау, ауа райы болжамын жасау, гидрометеорологиялық қызмет көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет. са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Гидрометео. рологиялық мониторинг жүргізу | 244 метеостанция. дағы, 23 метеобе. кеттердегі, 9 агрометеорология. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Қоршаған ортаны қорғау |

лық бекеттердегі, министрлігі
8 аэрологиялық
станциялардағы, 5
озонометрикалық
бақылау пункттерін.
дегі, 14 актино.
метрикалық бақылау
пункттердегі, 7
жылу балланстық
бақылау пункттерін.
дегі, 206 гидро.
бекеттердегі, 16
қар маршруттарында,
гидрометеорология.
лық ақпаратты алу
алуға арналған 2
қар көшкіні
станцияларындағы
стандарттық және
қосымша гидромете.
орологиялық
бақылауларды
жүргізу;
- ақпарат жинау
және өңдеу;
- қысқа мерзімді,
ұзақ мерзімді
метеорологиялық,
гидрологиялық және
агрометеорологиялық
болжамдарды әзірлеу
және жасау;
- қауіпті және
стихиялық гидроме.
теорологиялық
құбылыстардың
қатері мен туындау
фактісі туралы
дауылдың алдын алу;

- метеорологиялық, гидрологиялық, агрометеорологиялық бақылаулардың материалдарын климатологиялық өңдеу;
- Президент әкімші. лігіне, Үкіметке, мемлекеттік орган. дарға гидрометео. рологиялық қызмет көрсету;
- су басудан кейінгі жөндеу-қал. пына келтіру жұмыстары;
- 244 метеостанция. лардағы және 128 гидробекеттердегі өндірістік үй-жай мен жабдықты ағымдағы жөндеу;
- Павлодар (1), Алматы (2) және Ақмола (2) облыста. рындағы 5 метеостан. цияларды көшіру;
- өлшеудің гидро. метеорологиялық құралдарын сатып алу (термометрлер 4932 бірлік, вертушкалар үшін қосалқы бөлшектер 200 дана, қар өлшейтін рейкалар 500 бірлік, психо. метрикалық будкалар

100 бірлік, гигро. метрлер 60 бірлік, барометрлер үшін қосалқы бөлшектер 60 бірлік). Гидрометеорология. лық желіні техника. лық қайта жарақтан. дыру үшін:
- 1 аэрологикалық кешенді;
- 3 радиолокация. лық блогын;
- 25 барометрді;
- 20 анеморумбомет. рін;
- 19 пакеттік бақылаумен радио. станцияларды;
- 5 автоматты метеостанцияларды;
- 2 теңіз автоматты станцияларын;
- агрометпунктер үшін 80 ылғал өлшеуішті - негізгі жабдықты;
- 20 автоматты жұмыс орындарын - метеоро. логты;
- 1 кусттық радио. станцияны сатып алу. Гидрометеорология. лық желінің мынадай бекеттері мен пункттерін құру:
- 1 аэрологиялық станция;
- 4 метеорология.

лық станция;
- 20 гидрологиялық бекет.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 10 мемлекеттік органдарға берілетін 254 данадағы Қазақстанның аумағы бойынша күн сайынғы метеорологиялық бюллетенді шығару; 4 мемлекеттік органдарға берілетін 12 данадағы Қазақстанның аумағы бойынша ай сайынғы метеорологиялық бюллетенді шығару; 10 мемлекеттік органдарға берілетін 5110 данадағы 14 облыс бойынша 2 және 3 тәулікке арналған ауа райы болжамын жасау; 10 мемлекеттік органдарға берілетін 7288 данадағы 14 облыс бойынша бір аптаға ауа райы болжамын жасау; 26 мемлекеттік органдарға берілетін қатер немесе туындау фактісі жағдайындағы Қазақстанның облыстары мен әкімшілік орталықтары бойынша қауіпті және стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындау мүмкіндігі туралы дауылдың алдын алу; 3 мемлекеттік органға берілетін 254 данадағы күн сайынғы гидрологиялық бюллетенді шығару; жаңа бекеттер мен гидрометрологиялық желі пункттерін құру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
306-қосымша

234 - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық жүйесін**
**құру және дамыту"**
**деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 41048 мың теңге (қырық бір миллион қырық сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы ; "Ақпаратқа кіру, шешімдерді қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 23 қазандағы Заңы ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; Қазақстан

Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру туралы" 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 3787 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы; "Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру мен жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 885 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қарашадағы N 1173 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 12 желтоқсандағы қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қоршаған ортаны қорғау жүйесін ақпараттандырудың қазіргі заманғы деңгейіне қол жеткізуге бағытталған кешенді ақпараттандыруды жүргізу, сондай-ақ қазіргі заманғы жаңғыртуды қамтамасыз ету және есептеу, коммуникациялық, желілік жабдық әрі ұйымдастырушылық техникасын, желілік бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарымен жарақтандыру, ақпараттық жүйелерді тұтастандыру және ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу және құру; "Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары" ақпараттық жүйесін дамыту; жалпы пайдаланудағы дерекқорды (ақпараттық ресурстарды) құру, лицензиялық желілік бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі ақпараттық жүйесінің жұмысы үшін есептеу техникасын, принтерлерді, сканерлерді сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет-са-ны N | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | | 007 | | | | Қоршаған ортаны қор. ғаудың ақпа. раттық жүйесін құру және дамыту |
| 2 | | 005 | Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру | 90 жұмыс станция. ларын; 40 принтер. ді; 2 сканерді; 4 модемді; 1 үздіксіз қоректендіру көзін және оларға ілеспе бағдарламалық өнім. дер мен қызмет көрсетулерді сатып алу және жабдықты монтаждау. Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық жүйесі. нің 2 кіші жүйесін әзірлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 3 | | 006 | Ішкі көздер. дің есебі. нен грантты іске асыру | Жабдықты, оның ішінде: - бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса, пайдаланушы. лар үшін жұмыс станцияларын; - көп функциональды принтерлерді; - факсимильдік аппаратты сатып алу және монтаждау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жаңа технологиялық шешімдер мен инструментальдық құралдардың базасында қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттандыру жүйесінің қазіргі заманғы деңгейін қамтамасыз ету, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауды тиімді басқару мен мониторингін қамтамасыз ету, экологиялық заң бұзушылықтар туралы ақпаратты жинаудың және өңдеудің жеделдігі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
307-қосымша

234 - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қоршаған ортаның жай-күйіне бақылау жүргізу"**
**деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 522399 мың теңге (бес жүз жиырма екі миллион үш жүз тоқсан тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі 1, 5, 7, 8, 10, 15, 23-тараулар ; "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы 4, 9, 12, 48, 81-баптар ; "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы Заңы ; "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 наурыздағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2002 жылғы 26 сәуірдегі Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2003 жылғы 15 тамыздағы Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы; "Қазақстан Республикасының теңіздері мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 105 қаулысы ; "Қазгидромет" және "Қазавиамет" мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 185 қаулысы ; "Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру мен жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 885 қаулысы ; "Арал аймағын қолдау және дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1121 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712-1 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 қаулысы ; "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартымен кешен аумағында экология мен табиғат пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қарашадағы келісімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қоршаған ортаны қорғау, қоршаған ортаға мүмкін болатын теріс антропогендік әсер етудің алдын алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экологиялық мониторингті жүргізу, қоршаған ортаның негізгі компоненттерін ластаудың жай-күйі бөлігіндегі мемлекеттік органдарды ақпараттық қамтамасыз ету және табиғат қорғау іс-шараларының тиімділігін бағалау, Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарында экологиялық-демографиялық аудандастырудың кестесін жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Қоршаған ортаның жай-күйіне бақылау жүргізу | Мониторингті ұйымдастыру және жүргізу. 1. Экологиялық мониторингті жүргізу: 20 елді | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |

мекендердегі, 16 көрсеткіш бойынша 52 бақылау бекет. терінде атмосфера. лық ауаның ластану. ына мониторинг жүргізу, 10 көрсет. кіш бойынша 40 метеостанциядағы атмосфералық жауын-шашынның мониторин. гі, 50 көрсеткішке дейін 60 су объекті. лерінде құрлықтың жер үсті суларының мониторингін жүргізу, 10 метео. станцияда топырақ. тың ластануының мониторингі, 65 метеостанциядағы гамма-фонның күн сайынғы өлшеулері, 40 метеостанциядағы бетта белсенділікті айқындау үшін атмосфералық түсу. лердің сынамаларын сұрыптау, оның ішінде:

- Қызылорда қаласы. ның қоршаған ортасын қорғау және халықтың денсаулы. ғының мониторингі;
- "Ақтау" теңіз порты" арнаулы экономикалық аймағының аумағына

мониторинг жүргізу;
- зымыран-ғарыш қызметіне ұшыраған аумақтар учаскелерінің экологиялық жай-күйіне мониторинг жүргізу;
- Сырдария өзенінің су үсті көздерін кешенді бағалау.
2. Мониторинг жүйесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде:
- атмосфералық ауаның жай-күйін бақылаудың 5 станционарлық бекеттерін;
- желілік зертхана үшін жабдықтың 4 кешенін;
- судың сапасының анализі үшін 1 портативтік зертхананы;
- зертхана үшін жабдықтың 1 кешенін;
- зертханалық жиhаздың 1 кешенін;
- 21 бірліктегі газанализаторларын;
- 21 бірліктегі дозиметрлерді;
- бағдарламалық қамтамасыз етумен 20 компьютерді;
- Қызылордалық

орталық үшін офис. тік жиһаздың 1 кешенін сатып алу және орнату.
3. Қызылордалық орталықты жайғас. тыру үшін құрылыс материалдарын сатып алу (есік блоктары, терезелер, санжелі, фурнитура, плиталық еден және т.б.).
4. Зымыран-ғарыш қызметіне ұшыраған аймақтар учаскеле. рінің экологиялық жай-күйінің монито. рингі үшін жабдықты, оның ішінде:
- 1 спектрометрді;
- 1 радиохимиялық спектрометрді сатып алу.
5. Каспий теңізінің қазақстан. дық бөлігіндегі қоршаған ортаның жай-күйін бағалау және болжау үшін мониторингті және ақпараттық жүйені ұйымдастыру жөнін. дегі іс-шаралар, оның ішінде:
- қоршаған ортаның жай-күйіне бақылау жүргізу: 43920 сынамалардың атмос. фералық ауаның

ластануына, 60 сынамадағы атмос. фералық жауын-шашынға, 120 сынамадағы жер үсті ағын суының ластануына, 324 сынамадағы теңіз суларының ластануы. на, 42 сынамадағы топырақтың ластану. ына, 86 сынамадағы дондық қабаттардың ластануына мони. торинг жүргізу, 2525 сынамадағы радиациялық мониторинг;

- Атырау қаласында аймақтық теңіз зертханасын ұйымдастыру;
- 5 теңіз станция. ларын; 6 жағалау станцияларын; 5 жағалау бекеттерін ашу;
- 6 жағалау станцияларын; 8 жағалау бекеттерін; 4 саға бекеттерін жаңғырту;
- 2 ААЖ ұйымдас. тыру;
- коммутация және байланыс орталығын ұйымдастыру;
- 2 теңіз катерін сатып алу.

6. Қызылорда және Алматы облыстарының әкімшілік аудандарының экологиялық паспорттарын құру мақсатымен ауылдық аймақтардың экологиялық-демографиялық зерттеулері жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде:
- ауыл халқының өміршеңдігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын экологиялық-демографиялық аудандастыруға бөлудің негізгі ережелері мен қағидаттарын әзірлеу;
- ауыл халқының өміршеңдігінің деңгейін айқындайтын негізгі ландшафтық-экологиялық және әлеуеттік-экологиялық факторларын анықтау;
- мекен ету аудандарының экологиялық-демографиялық процестерін талдау және бағалау;
- ландшафтық-экологиялық аудандар бойынша ауыл халқының ауру-сыр.

қатын талдау және бағалау;
- ландшафтардың антропогендік бұзы. лулығының және әлеуметтік-экономи. калық жағдайлардың деңгейін айқындау негізінде экология. лық-демографиялық шиеленістің тоқырау ошақтарын анықтау.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қоршаған ортаның жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштердің жүйесін алу; қоршаған ортаның жай-күйі туралы ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жылдық бюллетендерді шығару; мониторингтің дерекқорын ақпараттық-техникалық сүйемелдеу; Көкшетау, Қызылорда , Талдықорған (2) және Алматы қалаларында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылаулардың 5 стационарлық бекеттерін орнату және жабдықтау, Көкшетау, Қызылорда, Талдықорған және Ақсай қалаларында желілік зертханаларды ұйымдастыру, мемлекеттік экологиялық мониторингтің химиялық-талдау желісінің талдау жабдығын жаңғырту; жұмысты қамтамасыз ету үшін Қызылорда қаласының қоршаған ортасы мен халықтың денсаулығының мониторингі орталығын жарақтандыру және қоршаған ортаның және халықтың денсаулығының жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін алу; Каспий теңізінің табиғи жүйесіне әсерді азайту үшін Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінің қоршаған ортасының жай-табиғат қорғау іс-шараларын іске асыру үшін негіз құру жөніндегі ақпарат алмасуды қамтамасыз ету; Қазақстан қалаларының әуе бассейнінің ластануының қазіргі заманғы ластануының жай-күйін бағалау және Сырдария өзенінің жер үсті суларының сапасын кешенді бағалау жөніндегі есеп "Байқоңыр" ғарыш айлағының және зымыран тасығыштардың бөлінетін бөліктерінің құлау аудандарының экологиялық мониторинг жүйесін ұйымдастыру және қызмет етуі, зымыран-ғарыш қызметінің әсеріне ұшыраған аумақтардың экологиялық жай-күйін кешенді экологиялық бағалау; ауыл халқының өміршеңдігінің деңгейін айқындау, ландшафтардың антропогендік бұзылу деңгейін айқындау негізінде экологиялық-демографиялық шиеленістің тоқырау ошақтарын айқындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы

N 1327 қаулысына
308-қосымша
234 - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қоршаған ортаны қорғау үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 858890 мың теңге (сегіз жүз елу сегіз миллион сегіз жүз тоқсан мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылы 3 желтоқсанда N 1241 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы; "Павлодар өнеркәсіптік аймағында (" Химпром" өндірістік бірлестігі) экологиялық және санитарлық-гигиеналық жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтардағы N 7 қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы қаулысы ; "Трансшекаралық су объектілерін бірлесе пайдалану және қорғау туралы" Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1992 жылғы 27 тамыздағы келісім.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қоршаған ортаны сауықтыру және теріс антропогендік әсер етуді азайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: сынап ластануының ошағын жою және жер асты сулары арқылы сынаптың ағып кетуінің алдын алу үшін мақсатты инвестициялық трансферттерді аудару, ағынды суларды биологиялық тазартуды қамтамасыз ету және ағынды сулармен Ертіс өзенінің бассейнінің ластануын азайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет | Бағ. | Кіші | Кіші | Бағдарламаны | Іске | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|---|

| са.ны N | дар.лама коды | бағ.дар.лама коды | бағдарлама.лардың атауы | іске асыру жөніндегі іс-шаралар | асыру мерзімі | орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Қоршаған ортаны қорғау үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қала.ларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестиция.лық транс.ферттер | "2004 жылға арнал.ған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқ.сандағы N 1260 қаулысының 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша және сома шегінде инвестиция.лық жобаларды іске асыру үшін қоршаған ортаны қорғауға облыстық бюджеттер.ге және Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты инвестиция.лық трансферттерді аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы.ның Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: "Павлодар химия зауыты" ААҚ-да демеркуризация жұмыстарын аяқтау; Семей қаласындағы ағынды суларды биологиялық тазарту құрылғысын салуды аяқтау және пайдалануға беру.

Ескерту: *) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003

жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес инвестициялық жобалардың тізбесі, сондай-ақ заңнамамен белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамасына (бекітудің нөмірі мен күнін көрсете отырып) сәйкес іс-шаралар, трансферттерді игеру шеңберіндегі күтілетін нәтижелерді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер жергілікті бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК